



Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

№10 (10 213)

8 наурыз

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru



«Қалмақтар Жетісуды
көктей өтіп,
Қаратау баурайына келді жетіп.
Жан алып, жан беріскен
көп ұрыста,
Бөрібай ер түспеді
аттан селтіп».
Бейқам жатқан қазақты
қалмақ қолы,
Тұтқиылдан шын жасаулап
алмақ болды.
Жалайыр мен Қоңырат,
Наймандарға,
Ер Бөрібай сол кезде
қайрат болды...
Ербол СЫМХАНОВ.

Сөзі: Кәкімбек САЛЫҚОВ.
Өні: Мұратхан ЕГІНБАЕВ.

Кең даланың кемеңгер перзенттері,
Аңыз, дастан атқарған міндеттері.
Үш сұңқары, үш тұлпар, үш арысы –
Ғаламат қой туған ел құрметтеуі.
Жаңа өмірге жар салып,
Шыққан күнді қарсы алып.
Еңіреп туған елім деп...
Қазақтың ірілері,
Абайдың інілері –
СӘКЕН, ЛИЯС, БЕЙІМБЕТ.

Өлең – жырдың әлемін ашқаныңда,
Сол үшеуі тұрады бас жағыңда.
Үркерлеңіп барады, үлкендеңіп,
Үш жұлдызым туған ел аспаныңда.
Тар заманда бірлесіп,
Бар бейнетті бір кешіп.
Еңіреп туған елім деп...
Қазақтың ірілері,
Абайдың інілері –
СӘКЕН, ЛИЯС, БЕЙІМБЕТ...

Ақ сұңқарым, дауылпаз бұлаң ерім,
Күйші, Дала, Құс қанат, Құлгерім.
Үш арысын қайтарып қушағына,
Ардақтайды, салтанат құрады елім.
Тар заманда бірлесіп,
Бар бейнетті бір кешіп.
Еңіреп туған елім деп...
Қазақтың ірілері,
Абайдың інілері –
СӘКЕН, ЛИЯС, БЕЙІМБЕТ...

ҮШ АРЫС – 130 ЖЫЛ!



ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ

ӘЙЕЛ - АНА, ӘЙЕЛ - ӨМІР БАСТАУЫ

АУДАН ӘКІМІ ТЫНЫШБАЕВ БЕРІК ТЫНЫШБАЙҰЛЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Ардақты Аналар, аяулы арулар!
Сіздерді ару көктемнің айшықты мерекесі - 8 наурыз – Халықаралық Әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!
Көктемнің шуақты сәті әйел - аналарымыз бен аруларымыздан бастау алады. Ізгі ниет пен сұлулыққа, сырбаз сезім мен сыйластыққа толы осы күн жан - дүниені жадыратып, жүректерге жылу береді. Әйел бақыты – жар сүю, ана болу, елге тұтқа, ұрпаққа пана болу деген сөз.
Әйел – ана, әйел – өмір бастауы, әйел – бірлік пен тірліктің, ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы, отбасының шуағы.
"Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеген" Аналар қауымы ел ертеңіне нәр, тіршілікке әр беретін айырықша күшке ие. Өйткені, қыздарымыздың қылықты, ұлдарымыздың ұлықты болып өсуі әйел-аналарымыздың тәлім - тәрбиесіне тікелей байланысты.
Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ пен береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Өрдайым жадырап, гүлдей құлпырып жүре бергейсіздер!



Әлемнің әдемілігі, шаңырақтың шуағы - Әйелде



жүректен құттықтаймын. Осы бір тамаша көктем мерекесі әйелге тән әдемілік пен нәзіктіктің мәңгі белгісі сияқты.
Біздің қазіргі қоғамымызда әйел тек отбасының береке - бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттің өмірге және саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Сондықтан біздің елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айырықша маңыз беріледі.
Сіздердің атыңызға айтылатын ақ алғыстар мен жылы сөздер еш уақытта толастамасын. Көктемнің басымен келетін мерекелік көңіл - күй Сіздердің сергектітеріңіз бен күш - жігерлеріңіздің қуат көзіне айналсын. Сіздерге және отбасыларыңызға әрқашан бақыт және сәттіліктер ұяласын!
Жер - дүниенің жаңаруын, оның сәні мен мәнін паш етіп келе жатқан тамаша көктемнің мерекесі қарсаңында Сіздерге және отбасыларыңызға мол береке, бақыт, шаттық, мызғымас денсаулық, болашаққа зор сенім, көтеріңкі көңіл - күй тілеймін.
Жылдан жылға табиғаттың тамаша мерзімі – көктемдей құлпырып, жасара беріңіздер!

Қымбатты ханымдар!
Сіздерді аудандық мәслихат және мәслихат депутаттары атынан Халықаралық Әйелдер күнімен шын

Бейбіт СҮЛЕЙМЕНОВ,
Ақсу аудандық мәслихатының төрағасы.

БАСПАСӨЗ - 2024

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ
2024 ЖЫЛДЫҢ II ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

БАСПАСӨЗ - 2024

Мәртепелі Курбанғалиева - 25 жасы!

САЯСИ КЕҢЕС БЮРО ОТЫРЫСЫ



«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының мәжіліс залында Саяси кеңесі Бюросының жиыны өтті.

Жиынды аудандық партия филиалының төрағасы Жакупов Серікхан Амангелдіұлы ашып, күн тәртібімен таныстырып өтті. Күн тәртібіндегі қаралған мәселе:

1. Саяси кеңес бюросының мүшелері «AMANAT» партиясы Сайлауалды бағдарламасының Жол картасының көрсеткіштерінің орындалуы туралы Ақсу аудандық мәслихатындағы депутаттық фракциясының атқарған жұмысы туралы.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015 - 2025 жылдарға арналған бағдарламасының "Ақсу" бастауыш партия ұйымында орындалуы туралы талқылап, Қаулы қабылданды.

"ХАЛЫҚҚА КӨМЕК" ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ



Бүгін «AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде кезекті "халыққа көмек" партиялық жобасы аясында қабылдау өтті. Аталған қоғамдық қабылдауды Ақсу аудандық мәслихат депутаты Амангелді Ерасыл Әділұлы өткізді. Ерасыл Әділұлы аудан тұрғындарын қабылдап, әлеуметтік, қоғамдық және өзге де мәселелердің шешілуіне ықпал етілуіне бағыт - бағдар берді. Қабылдау барысында аудан тұрғындарының өтініші негізінде қолданыстағы заң аясында толық кеңестер беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

АҚСУ АУДАНЫ ПРОКУРОРЫНЫҢ ҚАБЫЛДАУЫ



«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде Ақсу ауданының прокуроры Тұрсынов Дастан Несіпбайұлы, Жетісу облысы өңірлік жеке сот орындаушылар палатасының орынбасары Хаймулданов Әділхан Ерханұлы қабылдау өткізді. Дастан Несіпбайұлы аудан тұрғындарын қабылдап, әлеуметтік, қоғамдық және өзге де ортақ түйіткілді мәселелердің шешілуіне ықпал етілуіне бағыт - бағдар берді.

Қабылдау барысында аудан тұрғындарының өтініші негізінде қолданыстағы заң аясында толық кеңестер беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

"ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК" ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАСЫ



«AMANAT» партиясының халық құқығын қорғауды көздейтін «Құқықтық көмек» партиялық жобасы серпінді дамып келеді.

«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалында «Құқықтық көмек» партиялық жобасы аясында қабылдау өтті.

Қабылдауды Ақсу ауданаралық Әділет басқармасының басшысы Қалибеков Дастан Сейітқұлұлы және нотариус Мықтыбаева Жаңылхан Арымбекқызы азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдады. Қабылдау барысында азаматтарға әртүрлі қызметке байланысты туындаған мәселелердің шешімдерін шешу жолдарын көрсетіп, ҚР Заңы аясында тиісті түсініктемелер мен қажетті кеңестер берілді.



КӨШБАСШЫ ӘЙЕЛДЕР: ДАМУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА 37 МЫҢНАН АСТАМ ПАРТИЯ МҮШЕСІНІҢ
72 ПАЙЫЗЫН ӘЙЕЛДЕР ҚАУИМЫ ҚҰРАЙДЫ

КӨШБАСШЫ ӘЙЕЛДЕР: ДАМУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Жетісу облысында 37 мыңнан астам партия мүшесінің 72 пайызын әйелдер қауымы құрап отыр. Әйелдер қауымының рөлі күн сайын артып келеді. Әйелдердің құқықтары мен мүдделерінің қауіпсіздігі жан - жақты қорғалуын қамтамасыз ету өте маңызды. Өйткені, әйел тұлғасының сауатты дамуын қалыптастыру - отбасы мен мемлекеттің әл-ауқатының жетістігі. Бүгін осы мақсатта, яғни, әйелдердің мәртебесін көтеріп, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру мақсатында Әйелдер қанаты құрылып, өз жұмысын бастап кеткен.

Осы орайда, «AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалы жанынан құрылған әйелдер қанатының кеңесі стратегиялық сессия форматында өтті. Сессия Ақсу, Алақол, Сарқан, Кербұлақ және Панфилов аудандарында жалғасын тауып, оған қоғам белсенділері санатындағы әйелдер қатысты.

Стратегиялық сессияның мақсаты - әйелдер қанатының тұжырымдамасында белгіленген 10 бағыт бойынша сарапшылар пулын құру.

Өңірдегі белсенді әйелдер қауымына даму стратегиялық сессиясын өткізген әйелдер қанатының кеңесшісі Гүлбарам Адамбаева әр бағытқа жеке тоқталып, жіті түсіндірді.

Сессия барысында: - Қатысушыларымен танысумен қатар, шығармашылық белсенділікті арттыру мақсатында түрлі ойындар өткізілді.

- Іс-шараны өткізу шеңберінде қатысушылардың қоғамдық жұмыстармен айналысуға дайындық деңгейін анықтау бойынша коучингтік құралдар пайдаланылды.

- Аудандардағы жұмыстың осы бағытына SWOT талдауы жүргізілді.

Кездесудің қорытындысы бойынша әр ауданда сарапшылар базасы құрылып, жұмыс бағыты бойынша көшбасшылар анықталды.

Сондай-ақ, жиында заманауи гендерлік саясат, қоғамдық - саяси өмірдегі әйелдердің рөлі, әйел денсаулығы, әйелдер мен балаларды қорғау құқығын кеңейту және тағы да басқа тақырыптар қамтылып, пікір алмасу орнады.

Айта кетейік, аталмыш сессия бұған дейін Қаратал, Көксу, Ескелді аудандары мен Текелі қаласының белсенді әйелдері үшін өткізілген болатын.

Жәніл ЕСІЛҚЫЗЫ,
«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының консультанты.

Партиялық пост ашылды

"AMANAT" партиясы Ақсу аудандық филиалы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан аудандық орталық ауруханада "Партиялық пост" ашылды.

Аудандық филиалдың жанынан құрылған партиялық бақылау комиссиясы Ақсу аудандық мәслихат депутаты Абдырахманов Қайрат Сәкенұлы, аудандық орталық ауруханасының бас дәрігерінің орынбасары Дәулет Ерғабайұлы, "Ақсу өңірі" газетінің жауапты хатшысы Сымханов Ербол Әбдікәрімұлы, Ақсу ауданының жастар нұсқаушысы Тілеубергенова Балғын аталған постқа зерделеу жұмыстарын жүргізді.

Зерделеу барысында құрылысқа жауапты мердігерге құрылыс мерзімі уақытылы аяқталып және құрылыс жұмыстарын сапалы жүргізу



қажет екендігі айтылды. Құрылыс жұмыстарына жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтарды тарту

қажеттігін және қауіпсіздік шараларын сақтаудың маңыздылығы айтылды.

ҮШ БӘЙТЕРЕК, ҮШ АРЫС - 130 ЖЫЛ!

Ұлт руханиятының үш бәйтерегі



Үш бәйтерек бір жыл туып, бір жыл өткен, Зарлатып әйел-бала бірге кеткен. Оларға «халық жауы» атақ тағып, Түбіне үшеуінің бір күн жеткен – деп, 1937-1938 жылғы сталиндік репрессияның құрбаны болып «халық жауы» атанған, қазақ совет әдебиетінің негізін қалаған үш көшбасшы, үш бәйтерек, үш дінгек – Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлиннің биыл 130 жылдығын атап өтеміз. Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаған үш бірдей көшбасшы. Жаңа әдебиеттің үш бәйтерегі, үш дінгегі, алаш ардақтылары Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин өздерінің аз ғана ғұмырында әлемдік мол мәдени мұра қалдырды. Ұлттық сөз өнерінің діні мен дәстүрін сол қалпында сақтаушылар. Сөз бен ой астарына қоғам құбылысын сыналушы жаңа типті суреткерлер. Қоғамға қызыл тілмен қызмет ету шындық үшін ажалға бас тігумен бірдей екенін тағдырларымен дәлелдеушілер. Қазақ совет поэзиясына

үш түрлі дауыспен, үш түрлі ырғақпен, үш түрлі рухпен дем берушілер, тыныс таратушылар. Жиырмасыншы ғасырдағы қазақ совет поэзиясының бүкіл болмыс-бітімі осы үшеуінен басталады. Ақындық тағдыр. Немесе, халық тағдырының перзент бойындағы көрінісі. Осы құбылыс үшеуінің де тағдыр-талайына бұйырған. Қазақ даласындағы кемерінен асып кернеулеп жатқан үш өзеннің бойында аралары ит көйлек тоздырар - тоздырмас уақытқа жалғасып, үш бірдей ұл туыпты. Үш бірдей ақын туыпты. Үш бірдей қайраткер туыпты. Сәкен Сейфуллин сылдырап сырбаз ағатын жазықтың жайсаң өзені – Нұра бойында туған. Сәкен жырлары қызыл жалау болып желбіреді қызыл сұңқар болып шарықтап, қызыл тұлпар боп жер тарпыды. Сері Сәкеннің, сұлу Сәкеннің өлеңінде қызыл саусақ бикеш қызықпайтын, қыздырмашыл әуей қызықпайтын бірде-бір жол кездеспейді. Ілияс Жансүгіров ағындап, арындап таудан құлайтын Ақсу бойында туған. Иә, өршіл де өжет, өлмес рух өрт ішінде сыналады. Тосын қызу мен қысымнан тас көмірдің өзі опырылса да опырылмас алмастың

қасиеті иеленеді екен. Туған әдебиеттің тұл бабалары – жаңа ұрпақ жазар дастанның қуатты қайырмасындай жарқын болашаққа деген жарқыл қаққан сеніммен Ілияс Жансүгіров өлеңдері бізге қол жетпес қиялдан қол бұлғайтындай көрінеді. Бейімбет Майлин толқып, бураланып бұйығы жылжыйтын Тобыл бойында туған. Бейімбеттің өнері өлімге мойын ұсына алмады. Өйткені, ол езілгендердің еңсесін көтеруге, жасығандардың жанын ширатуға, алданғандардың көзін ашуға, әділдікпен шындыққа қызмет етеді. Шебер қолдан шыққан сыршыл, шыншыл оқушыны баурап әкететін әлемі, әсерлі хикаят ұтымды өрбіген шығармаларының бірі «Шұғаның белгісі» повесі. Осы үш өзеннің де дәл осы қасиеттері үшеуінің де поэзиясының мінезін алдымен ұшырасады. «Олар осы заманның шыбығы еді. Дауылмен жайқалып өсіп, шынарға айналды. Тамыры тереңде, халық жүрегінде қалған үш бәйтерегімізді осылайша құрметпен еске аламыз. Гүлшат САДУАҚАСОВА, Қапал ауылдық модельді кітапханасының кітапханашысы.

Мерекелеріңізбен арулар!



«Бүгінгі қоғамда нәзік жандылар сан түрлі саланың қыр – сырын меңгерген...
 Әсіресе, білім саласында ұлағаттылықтың ұлы жолын тандаған ұстаздар қауымында – нәзік жандылардың алар орны ерекше.
 Бұл сөзіміздің бір ғана дәлелі, қазаргі таңда аудан мектептеріңде қаншама ұстаздар қызмет етсе, солардың 90 пайызын нәзік жандылар құрайды.
 Бұл дегеніміз әйел - ұстаздардың еліміздің ең басты байлығы адами капиталын дамыту жолында, яғни өскелең ұрпаққа білім беру жолындағы белсенділігі, беделі мен мәртебесінің көрінісі.
 Расында, болашақ ұрпақтың бойына саналы білім нұрын құйып жүретін, жауапты да ұлағатты еңбек иелері - ұстаздар қауымының қашанда орны бөлек, тұғыры биік.
 Тәуелсіз еліміздегі бейбіт тірліктің, мызғымас бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің, ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы да Өздеріңіз, аяулы арулар! Ардақты аналар, аяулы арулар!
 Сіздерді 8 - наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Әйелдер қауымы – әрдайым отбасының ұйытқысы, береке-бірліктің шырақшысы. Әр адамның өміріндегі қуанышты әрі жарқын сәттердің көп болуына сіздер мол үлес қосып келесіздер.
 Біздің ата - бабаларымыз әйелдің тек үйдегі ғана емес, жаратылыстағы маңыздылығын «Әйел бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербейді» деп бір ауыз сөзбен жеткізген. Бүгінде жас ұрпақтың тәрбиесі мен олардың білім алуына байланысты зор үлес қосып, бала қамқорлығына қатысты негізгі міндетті өздеріңізге алып, олардың дүниетанымын қалыптастырасыздар, өзіне деген сенімін жетілдіресіздер. Адам бойындағы барлық асыл қасиеттер күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен дариды. Сіздер өз сенімдеріңізбен, үміттеріңізбен және махаббаттарыңызбен еліміздің жарқын болашағының берік негізін қалап келесіздер. Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақ - береке және кәсіптеріңізге толағай табыс тілейміз.
Айдынбек ҚҰМАРБЕКҰЛЫ,
 Ақсу аудандық Білім бөлімінің басшысы.

Жетісу облысында мамандандырылған ХҚКО –ға кезекті брондаудың жаңа әдісі танымалдыққа ие болуда



сы арқылы онлайн жасай алады. Қызметтің арқасында азаматтар уақытын айтарлықтай үнемдей алады. Мәселен, бұған дейін теорияны тапсыру үшін көрсетілетін қызметті алушы мамандандырылған ХҚКО-ға келіп, талон алып, кезекте тұруы, оператордан өтініш беріп, содан кейін ғана емтихан сыныбына өтуі қажет болатын. Енді бұл кезеңдерден өтудің қажеті жоқ. Клиент алдын ала брондалған уақытта теориялық емтиханға тікелей келе алады. Ал теорияны сәтті тапсырғаннан кейін «ХҚКО» қосымшасы арқылы тәжірибелік емтиханға кезекке жазыла алады. Бейне қоңырау арқылы кезекке тапсырыс беріп қана қоймай, жүргізуші куәлігін алу үшін құжаттардың сканерленген көшірмелерін де бере алады. Оның ішінде медициналық анықтама, қызмет алушының фотосуреті, қойылған қолының үлгісі, автомектепті аяқтаған болса, оқығаны туралы анықтама, мемлекеттік бажды төлегені туралы түбіртек бар. Барлық құжаттар диалогтық терезеде тіркелуі керек. Айта кетер болсақ, қосымшаны Google Play және App Store-дан жүктеп алуға болады. Елімізде осы күні оны 350 мыңға жуық қолданушы орнатып үлгерген.

Ақбота БАҚЫТБЕРДЫҚЫЗЫ,
 “Азаматтарға арналған үкімет”
 Мемлекеттік корпорациясы”
 КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалының PR-менеджері.

Мамандандырылған ХҚКО-да емтихан тапсыру үшін кезекке тұруға «ХҚКО» қосымшасы арқылы үш жүзден астам өтініш түскен. Енді азаматтарға алғаш рет жүргізуші куәлігін алу үшін орталыққа хабарласудың қажеті жоқ. Олар мұны қосымшаның «Бейне қызметі» батырма-

ФЕДЕРАЦИЯ ПРЕЗИДЕНТІ САЙЛАНАДЫ



Жетісу облысының құрметті тұрғындары!
 2024 жылғы 15 наурыз, жұма күні барлық ауылдық округтерде тұрғындар жиыны болады. Жиында ауыл тұрғындары арасынан ауылдық футбол, волейбол, баскетбол федерациясының президенті сайланады. Сайланған федерациясының Президенті ауылдық футбол, баскетбол, волейболын дамыту бойынша ауыл әкімінің кеңесшісі қызметін қоса атқарады. Жиын кезінде балаларға доп үлестіріледі.

Толық ақпаратты ауылдық округ әкімдігінен біле аласыздар.
Жетісу облысының құрметті тұрғындары!
 2024 жылғы, 29 наурыз, жұма күні аудандық футбол, баскетбол, волейбол федерациясы президенті сайланады. Сайланған федерациясының президенттері облыстық футбол, баскетбол, волейбол федерациясының президентін сайлайды.
 Толық ақпаратты аудандық ішкі саясат бөлімінен біле аласыздар.

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА



СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

№5 БІРМАНДАТТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

31

НАУРЫЗ
МАРТА

2024

ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ АКСУСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА ПО ОДНОМАНДАТНОМУ ИЗБИРАТЕЛЬНОМУ ОКРУГУ №5

№5 БІРМАНДАТТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР ЖҰМАГЕЛДИН ЕЛАМАН ЖҰМАГЕЛДІҰЛЫ ӨМІРБАЯНЫ

Мен, Жұмагелдин Еламан Жұмагелдіұлы, 1995 жылы 25 сәуірде Алматы облысы, Ақсу ауданы, Көкөзек ауылында дүниеге келдім. 2002 жылы Қ.Терібаев атындағы орта мектебіне барып, 2011 жылы Ақсу Политехникалық колледжіне оқуға түсіп, 2013 жылы азаматтық борышымды өтеуге әскерге бардым. 2015 жылы оқу орнын аяқтадым. Алғашқы еңбек жолымды 2017 жылы Көкөзек ауылдық мәдениет үйіне музыкалық жетекші болып жұмыс атқарудамын. 2017 жылы Сарқан гуманитарлық колледжіне түсіп 2020 жылы аяқтадым.

Жанұялымын, 3 балам бар.



тіршілігін жақсартуға, тұрмыс деңгейі төмен және көп балалы отбасыларының әлеуметтік жағынан қорғалуына көмектесуге;

- мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсетуге;
- ауыл жастарымен әр түрлі деңгейде шаралар өткізуге, патриоттық, ел жандылық тәрбие беруге;
- мәдениет саласындағы мәселелердің шешімін табуға;
- жастарға қолдау көрсетуге, және әр түрлі шаралар өткізуге;
- ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған шараларды ұйымдастыруға ықпал ететін.

Құрметті сайлаушылар!

Сіздер 2024 жылдың 31 наурыз күні сайлау учаскесіне келіп маған дауыс берсеңіздер осы бағдарламаны өздеріңізбен бірге жүзеге асыруға еңбек ететін боламын!

№5 БІРМАНДАТТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР ЖҰМАГЕЛДИН ЕЛАМАН ЖҰМАГЕЛДІҰЛЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, Көкөзек ауылынан шыққан қарапайым ауыл азаматымын. Ауыл мектебінде оқыдым, ауылда өстім, ауылдың тыныс - тіршілігі маған ерекше жақын.

№5 бірмандаттық сайлау округі бойынша Ақсу аудандық мәслихатына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылып отырғандықтан, алдағы уақытта алдыма төмендегідей мақсаттар қоямын:

- Қазақстан Республикасы Президентінің елімізді дамытуға арналған бағдарламаларын, Жолдауларын жүзеге асыруға;
- «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылуын қадағалап, орындалуына үлес қосуға;
- Ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосатын боламын.
- ауыл тұрғындарының тұрмыс

АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА №5 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША КАНДИДАТТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАКУПОВ СЕРІКҚАН АМАНГЕЛДІҰЛЫ

Мен, Жакупов Серікқан Амангелдіұлы, 1984 жылы 05 қаңтар Талдықорған об-

лысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылында дүниеге келдім.

2001 жылы Қосағаш ауылындағы Абай атындағы орта мектебін аяқтадым. 2005 жылы Талдықорған қаласындағы Заң колледжін қаржы мамандығы, Көкшетау қаласындағы «Көкше» академиясын қаржы және экономика мамандығы бойынша аяқтап, Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы университетінде менеджмент және басқару мамандығы бойынша магистр академиялық дәрежесін алдым.

Еңбек жолымды 2006 жылы Ақсу ауданы әкімі аппаратының жылжымайтын мүлікті заңдастыру жөніндегі маман ретінде бастадым. 2010 жылы Ақсу ауданы сәулет және қала құрылысы бөлімінде бас маман ретінде жұмысқа қабылдандым. 2015 жылы Ақсу ауданының құрылыс бөлімінің басшысы қызметін атқарып, 2020 жылы Ақсу аудан әкімі аппаратының басшысы болып тағайындалдым. 2023 жылы қазан айынан бастап «AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының төрағасы болып қызмет атқарудамын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Аудандық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде мына мәселелерге назар аударамын:

- «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасының орындалуына атсалысу;
- мемлекеттік бағдарламаларға бюджет тарапынан бөлінетін қаражаттың тиімді және мақсатты жұмсалуды бақылауға алу;
- №5 бірмандаттық сайлау округіне қарасты Қаракөз, Жаңалық және Ойтоған ауылдық округтеріне қарасты елді мекендердің әлеуметтік – экономикалық даму мәселесіне шешуге ықпал ету;
- Қаракөз ауылында интернет желісі жиілігінің жұмысының жақсаруына ықпал ету;
- ауыл тұрғындарының тұрмыс тіршілігін жақсарту, тұрмыс деңгейі төмен және көп балалы отбасыларының әлеуметтік жағынан қорғалуына ықпал ету;
- мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсетуге ат салысу;
- ауыл жастарымен әр түрлі деңгейде шаралар өткізу, патриоттық, ел жандылық тәрбие беру, жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге ат салысу;
- Ақсу – Жаңалық, Үлгілі, Қаракөз, Ойтоған, Кеңғарын тас жолының орташа жөнделуіне ықпал ету;
- Жаңалық, Қаракөз ауылдарында фельдшерлік-акушерлік пунктерінің салынуына ықпал ету;
- Ойтоған ауылында орналасқан І.Жансүгіров атындағы орта мектебіне күрделі жөндеу жұмыстарына ықпал ету.

Құрметті сайлаушылар!

Алдағы уақытта осы ауылдардағы мәселелердің оң шешілуіне өз үлесімді қосамын. Сіздер маған сенім артып, 2024 жылдың 31 наурыз күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс берсеңіздер, ауыл өмірінің жақсаруына бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!

№5 БІРМАНДАТТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР МУХАМЕТКАЛИЕВ ҚАЙРАТ ӨКІМБЕКҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Мен, Мухаметкалиев Қайрат Өкімбекұлы, 1983 жылы 15 ақпанда Талдықорған облысы, Ақсу ауданында дүниеге келдім. 1989 жылы Е.Сықымов атындағы орта мектебіне барып, 2002 жылы Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, 2007 жылы дене шынықтыру және спорт мамандығын бітірдім.

Еңбек жолымды 2004 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін «БЖСМ Ақсу ауданының» спорт мектебінде жаттықтырушы болып жұмыс атқарудамын.

Жанұялымын, 4 балаларым бар.



- мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсетуге;

- ауыл жастарымен әр түрлі деңгейде шаралар өткізуге, патриоттық, ел жандылық тәрбие беруге, жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге;

- жасөспірімдер мен жастар арасында спортқа тартуға, бұқаралық спортты дамытуға, салауатты өмір салтын насихаттау бағытында жұмыстарды ұйымдастыруға үлесімді қосатын боламын.

Құрметті сайлаушылар!

Сіздер маған сенім артып, 2024 жылдың 31 наурыз күні сайлау учаскесіне келіп дауыс беріп аудандық мәслихат депутаттығына сайласаңыздар, осы бағдарламаны жүзеге асыруға бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!

№5 БІРМАНДАТТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР МУХАМЕТКАЛИЕВ ҚАЙРАТ ӨКІМБЕКҰЛЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

№5 бірмандаттық сайлау округі бойынша Ақсу аудандық мәслихатына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылып отырғандықтан, алдағы уақытта алдыма төмендегідей мақсаттар қоямын:

- Қазақстан Республикасы Президентінің елімізді дамытуға арналған бағдарламаларын, Жолдауларын жүзеге асыруға;
- «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылуын қадағалап, орындалуына үлес қосуға;
- Ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосатын боламын.
- ауыл тұрғындарының тұрмыс тіршілігін жақсартуға, тұрмыс деңгейі төмен және көп балалы отбасыларының әлеуметтік жағынан қорғалуына көмектесуге;





Марғау рөлі. Жас актер мұның сахналық шешіміне мол ізденіспен келген. Албырт, әрбір қимыл-қозғалысынан күлкі есіп тұратын, өмірге оптимистік көзқараспен қарайтын, алдағы тірлігіне сенімі мол Марғау – Есболғанның актерлік қызметіндегі алғашқы рөлдерінің бірі болған.

Сондай-ақ, актер жасаған дүниелердің ішінде спектакльдің жалпы көркемдік атмосфера-сына кәдімгідей ықпал еткен Ш.Айтматовтың повесі негізінде қойылған «Аңсаған менің әнімсіндегі» Сейіт бейнесі. Сейіттің көңіл-күй арпалыстары, жүрек дүрсілі мен сезім иірімдері Есболғанның ойынында терең ашылған.

Жайсаңбаевтың актерлік шеберлігінің қалыптасқанын танытқантағыбірүлкенсахналық туындысы – М.Әуезовтің «Еңлік-Кебегіндегі» Жапалдың рөлі. Жапал бойындағы ақыл-парасат,ештеңеге мойымайтын оптимистік рух, жаныңды жа-

ДАРХАН ДАРЫН

Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген әртісі Есболған Жайсаңбаев 1940 жылы бұрынғы Талдықорған облысы, Қапал ауданы, Суықсай ауылында дүниеге келген. Табиғатынан аңқау, адал да ақ көңіл жандардың күлкілі қылықтарын көңілге ұялатып, тартымдылықпен кескіндеу – Жайсаңбаевтың актерлік болмысына ғана тән қасиет болған. ҚазКСР еңбек сіңірген әртісі Есболған біраз рөл ойнап, көрермен қауымға енді таныла бастаған тұсында «Лениншіл жас» газетінің бір тілшісі: «мұнайып тұрғанда күліп, ал, қуанып тұрғанда еңіреп жібіре аласың ба?» деп сұрақ қойыпты. Сонда актер: «Еңірегені қандай. Қажет болса қазір көз алдыңызда ботадай боздап берейін. Күлу мен жылау қолынан келмейтін адамды өртіс деудің өзі ерсі емес пе?» деп жауап беріпті. Мұнан әрі қарай ол күлкінің әлеуметтік сыр - сипатын, түрлерін, сахналық әрекетпен астасып жату қажеттілігін өзінің ойнаған рөлдерінен мысал келтіріп, тамыршыдай тап басып дәлелдеп берген. Жай ғана күлкі емес, әлеуметтік жүгі бар, белгілі бір көркемдік нысанаға бағытталған күлкіні, өзінің актерлік қызметіне арқау еткен, өмірден ерте өтсе

де, өнерде өшпес із қалдырған Е.Жайсаңбаев бұл күндері 84 жасқа келер еді.

Ол өнерге жастайынан құштар болған. Кішкентайынан ән мен күйді, терме мен жырды, небір қызық әңгімелерді тыңдап өскен, өзі де ауылдың алты аузынан құр алақан емес, халық мұрасының көусар бұлағынан қанып сусындаған Есболғанды екі жылдық актер дайындайтын студияға алып келген де өнерге деген осы құштарлық. Қабылдау емтиханында қойлы ауылдың тірлік - тынысын дәл сипаттайтын күлкілі сахналық нұсқадан-ақ сарапшы ұстаздар оның бойынан тұнып тұрған табиғи юмордың ұшқынын сезгені ақиқат.

Жайсаңбаевойнаған рөлдердің ішінде актердің шығармашылық өмірбаянының жарқын беттері болғандары бар. Және солардың кейбіреулері пьесаның орталық емес, шағын кейіпкерлері. Станиславскийдің «кішкентай рөл жоқ, кішкентай актер бар» деген сөзі, Есболған өткен жолды саралағанда, еріксіз ойға оралады. Солардың қайсыбіреулері актердің талант құдіретімен бас-аяғы балғадай сахналық тұлғалар дәрежесіне көтерілгендер. Олар спектакльге көркемдік айқындық, өзгеше сипат береді. Солардың бірі – «Сөнбейтін от» спектакліндегі

дырататын әзіл-оспақ – бәрі де Есболғанға халықтың көркемдік дәстүрімен табиғи дарыған асыл қазына. Қисынды қимыл-қозғалыс, һәм юморға құрылған көріністер спектакльді тартымды еткен.

Актердің жасаған үлкенді-кішілі сахналық бейнелердің ұзын ырғасы қырыққа жетіп жығылады. Мұның бәрі үлкен көркем дүние болмағанымен, біразы актердің мол ізденісінің нәтижесі, эстетикалық талғам деңгейін айқындаған сахналық құбылыстар. Солардың ішінде «Майра» спектакліндегі Бахтияр, «Жаяу Мұсадағы» Қаспақбай, «Ажар мен ажалдағы» Олжатай рөлдері актер шығармашылығының қызықты беттері. Оны қанша күлдіргі актер дегенмен, ол белгілі бір ампула шеңберіне сыймайтын көп қырлы актер.

Есболған Жайсаңбаев кино әлеміне енді танылып келе жатқанда ойлаған мақсаттарына жете алмай 1983 жылы небары 43 жасында өмірден өткен. Бесалты фильмге ғана түскен оның соңғысы «Ақ бақсыда» жасаған толықанды бейнесі әлі күнге дейін көрермен жадында.

А.САПАРОВА,
Ақын Сараның
мемориалды музейінің қор
сақтаушысы.

«АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ» ММ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 30 ЖЫЛ!

1993 жылы 10 желтоқсан №2579-12 Қазақстан Республикасының «Жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Заңына сәйкес 1994 жылы 18 наурызда Ақсу аудандық Мәслихат-депутаттар жиналысы құрылды. Аудан аумағында халықтық өкілді органы болып табылады.

Ақсу аудандық Мәслихат-Депутаттар жиналысына «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Кодексіне сәйкес 17 депутат сайланды.

1. Сабырбаев Ақыш - №1 Сиқымов сайлау округі
2. Рахымбаева Роза - №2 Жансүгіров сайлау округі
3. Қожахметов Баймұхан - №3 Орталық сайлау округі
4. Земцов Олег Александрович - №4 Тасбекет сайлау округі
5. Қалибеков Сейтқұл - №5 Ақсу сайлау округі
6. Қуанышбаев Жұмабек - №6 Қабырғатал сайлау округі
7. Жарылғапов Жанаш Абылғазыұлы - №7 Ойтоған сайлау округі
8. Мұстапов Құлбаш Құрманғалиқызы - №8 Басқан сайлау округі
9. Бимұратов Бауыржан Қадырбекұлы - №9 Қаракөз сайлау округі
10. Әбілқасымов Қуантай - №10 Көкжайдақ сайлау округі
11. Чабдарбаев Тынышбай - №11 Қызылту сайлау округі
12. Байболова Гүлжауһар Әбілмәжинқызы - №12 Қопа сайлау округі
13. Мылтықбаев Сайлаубек Нұрмекенұлы - №13 Қарашілік сайлау округі
14. Елубаев Шеге - №14 Алтынарық сайлау округі
15. Мейірманова Ажар Қапышқызы - №15 Көкөзек сайлау округі
16. Жидебаев Құрмет Бакейұлы - №16 Есеболатов сайлау округі
17. Дүйсенбаев Әскербек Тұрарбекұлы - №17 Қарасу сайлау округі

Ақсу аудандық Мәслихат-Депутаттар жиналысының 1994 жылы 18 наурызда өткен 1-ші сессиясында тұрақты комиссиялар құрылып, төрағалары сайланды:

- Аудандық Мәслихат-Депутаттар жиналысының халықты әлеуметтік жағынан қорғау, азаматтардың құқығын сақтау, ұсыныс-тілектерін қарау жөніндегі тұрақты комиссиясының құрамы бекітіліп, Жарылғапов Жанаш Абылғазыұлы төрағасы болып сайланды;

- Аудандық Мәслихат-Депутаттар жиналысының экономикалық реформаны жүзеге асыру, бюджет және экология мәселері жөніндегі тұрақты комиссиясының құрамы бекітіліп, Дүйсенбаев Әскербек Тұрарбекұлы төрағасы болып сайланды;

- Аудандық Мәслихат-Депутаттар жиналысының тексеру комиссиясының құрамы бекітіліп, Қалибеков Сейтқұл төрағасы болып сайланды;

1995 жылы 13 қазаннан бастап Ақсу аудандық Мәслихат болып аталады. 1997 жылы 13 шілденің Ақсу аудандық Мәслихаттың он екінші сессиясында бұрынғы Қапал аудандық Мәслихаттың № 1-13 сайлау округтерін Ақсу аудандық Мәслихат сайлау округтері ретінде танылып, №18-ден №30-ге дейін рет саны берілді.

Жаңадан қосылған депутаттар мен сайлау округтерінің атауы:

1. Нусипов Қ.К. - №18 Ащыбулақ сайлау округі
2. Бармақов С. - №19 Суықсай сайлау округі
3. Орынбаев Г.Б. - №20 Санаторий сайлау округі
4. Андосов Ә.Н. - №21 Арасан сайлау округі
5. Иманбеков Қ. - №22 Күренбел сайлау округі
6. Пересторонин В.П. - №23 Тамшыбулақ сайлау округі
7. Бармақов Б.Ә. - №24 Мектеп сайлау округі
8. Досатаев Н. - №25 Қапал сайлау округі
9. Түстебаев М.А. - №26 Көшкентал сайлау округі
10. Мұқашева Т.О. - №27 Қызылағаш сайлау округі
11. Досыбаев Т. - №28 Қопалы сайлау округі
12. Мұратбаев С. - №29 Алажиде сайлау округі
13. Ермұратов С. - №30 Молалы сайлау округі

Аудан әкімшілігімен бірге ауданның әлеуметтік және экономикалық даму жолындағы бағдарламаларының орындалуын, жергілікті жерлерде Қазақстан Республикасы Конституциясының, Заңдарының, Жоғарғы Парламенттің қаулыларының, Қазақстан Президенті мен Министрлер Кабинеті құжаттарының, жоғарғы тұрған Мәслихаттар-депутаттар жиналыстары мен әкімдерің өз құзыреті шегінде қабылданған шешімдерің орындалуын, жергілікті органдары арасындағы байланысты, халықты жергілікті істерді басқаруға қатысуды қамтамасыз етеді.

Аудандық Мәслихат өзінің жергілікті әкімшілікпен өзара қатынасын «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңына байланысты іске асырады және ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын, азаматтар құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету, олардың заңды мүдделерін қанағаттандыру үшін жауапты.

Аудандық Мәслихат халықтың өкілді органы ретінде жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, аудан халқының еркін бірлірп қызметін жүзеге асырады. Мәслихат қызметін жергілікті кәсіпорындармен, мекемелермен өзара қатынасын өз құзыреті шегінде қабылданған шешімдерің міндеттілігі негізінде жүргізеді. Сонымен қатар Мәслихат қызметін шарттар негізінде құралады. Аудандық Мәслихат өзінің қызметін сессияларда, тұрақты комиссиялар арқылы және депутаттардың өз өкілеттілігін Заңмен белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады. Тұрақты және өзге комиссияларының, депутаттық топтардың қызметін үйлестіреді.

Ақсу аудандық Мәслихат аппаратының 1994-2011 жылдар аралығындағы құжаттары «Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Ақсу филиалында тұрақты сақталуда.

Негізі: Қор 548, т. 1, тарихи анықтама, іс 2, 21.

Гүлжан МЕЙРАМБЕКОВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Ақсу филиалының директоры.



1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ!



Жыл сайын көктемнің алғашқы күнімен бірге келген ізгі көктем мерекесі – Алғыс айту күнінің аталып келе жатқанына биыл 8 жыл болды. Бұл еліміздің салт-дәстүрі мен тарихына құрмет. Әрі ұлт бірлігін нығайтатын мереке. Алғыс айту күні Қазақстандағы келісім мен ұлтаралық келісім бірліктің нығаюына сеп болатын мерекенің бірі.

Сонымен қатар бұл күн жақын адамдарымызға, ата-аналарымызға, балаларымызға, достарымызға, әріптестерімізге деген сүйіспеншілік пен алғыс бірлірудің себебі болып табылады. Бұл күн әр жасаған іс-әрекеттерімізбен ризашылық білдіру арқылы, бір-бірімізге мейірімділік таныту күні болып санала-

Бірлік пен ізгіліктің бастауы - Наурыз

ды. Ақсу аудандық балалар кітапханасы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп гимназиясының 3-сынып оқушыларының қатысуымен «Бәріне мың алғыс!» атты алғыс білдіру шарасын өткізді.

Жас ұрпаққа «1 наурыз - Алғыс айту күні» мерекесінің мәнін түсіндіріп достыққа бір-біріне деген құрмет пен отансүйгіштікке тәрбиелеу. Ризашылық пен алғыс,сыйластық құндылық туралы, үлкен - кішіге деген сүйіспеншіліктерін

арттыруда, әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке баулу бағытында білімдерін толықтырды.

Балалар жүрекжарды лебіздерін әуелі жаратушы аллаға, жарқын өмір сыйлап кеткен ата - бабаларына, Отанға, өздерін білім нәрімен сусындатып жүрген ұстаздарына, жарық өмір сילהан ата-аналарына білдіріп ақ тілектерін жеткізді. Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясы директорының оқу ісі жөніндегі

орынбасары Қасенова Гүлмира Тынышбекқызы мен сынып жетекшісі Көптілеуова Айна Тұратайқызы жүрекжарды алғыс тілектерін білдірді.

Осы көктемнің алғашқы күнімен келген мереке баршларыңызға құтты болсын! Елімізде, жерімізде тыныштық болып осындай елде өмір сүріп жатқанымыз үшін, бір - бірімізді түсініп, қолдап отырғанымыз үшін бір - бірімізге айтар алғысымыз көп болсын! Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеуі үшін барлық істеріміз бен бастамаларымыз сәтті болсын деген тілекпен аяқталды.

Бақытгүл ӘБІЛХАМИТҚЫЗЫ,
балалар кітапханасының меңгерушісі.

101 ХАБАРЛАЙДЫ!

Су тасқынының алдын алауық!



Құрметті Ақсу ауданы тұрғындары мен қонақтары!

«Қазгидромет» РМК мәліметі бойынша 2024 жылғы 6 - шы наурыздан бастап еліміздің батыс және оңтүстік аумағында түнде ауа температурасының жоғарлауы және жауын - шашын күтілуде. Сонымен қатар Жетісу облысында 9 - 10 наурызда ауа температурасы түнде +5С дейін, күндіз +13С-қа дейін көтеріліп, қатты жаңбыр күтілуде. Жоғарыда айтылған мәліметі ескере отырып, су басуды болдырмау үшін тұрғындар өз үйінің учаскесінің айналасындағы арық жүйелерін қардан, тұрмыстық қалдықтардан тазарту жұмыстарын жүргізуге кеңес береміз, алдын ала тұрғын үй қабырғаларындағы, төбелердегі және шаруашылық жайындағы қарларды тазалаңыз, еріген қар суларының аулалар, бақшалар алқылы кедергісіз өтуін қамтамасыз етіңіз, еріген сулардың жиналуына жол бермеңіз

Су тасқыны су басу - бұл өзіндегі, көлдегі су деңгейінің қар еру кезеңінде, нөсер кезінде, мұздың кептелісінде және т.б. жағдайлардың нәтижесінде су деңгейінің көтерілуі салдарынан жергілікті жерлерді судың басуын айтады. Су тасқыны - үйлерге, ғимараттарға, көпірлерге үлкен зиян келтіретін жойқын күштерді тудыруы мүмкін. Су тасқыны, су басу - үйлерге, ғимараттарға, көпірлерге үлкен зиян келтіретін жойқын күштерді тудыруы мүмкін. Сонымен қатар, теміржол және автомобиль жолдарының шайылып кетуі, инженерлік желілердегі апат, егіннің жойылуы, халықтың және жануарлардың өліміне әкеледі. Бірнеше жылдан бері ТЖМ-ң құтқарушылары қазақстандықтарға су тасқыны қаупі төнген жағдайдағы іс-әрекеттер туралы ұсыныс хаттар таратып келеді.

ҚОЛАЙЛЫ "DARMEN" ҚОСЫМШАСЫН ЖҮКТЕҢІЗДЕР!

«Цифрландыру толқынан қалмау үшін "Darmen" мобильді қосымшасын жүктеңіз. Ол халыққа төтенше жағдай қаупі туралы 5 секунд ішінде хабар береді. Мысалы, магнитудасы 4 балл және одан жоғары жер сілкінісі кезінде сейсмодатчиктер іске қосылып, қосымша азаматтардың смартфондарына автоматты түрде хабарлама жібереді. "Darmen" қосымшасы ауа - райы құбылмалы кезеңде жол жүрушілерге таптырмайтын көмекші бола алады. «Қосымша жолдардың жабылуы, білім ошақтарында сабақтардың тоқтатылуы туралы ақпаратты ғана емес, сонымен қатар автобус, ұшақтар мен пойыздардың жол жүру кестесін ұсынады. Осыған байланысты барлық қазақстандықтарды "Darmen" қосымшасын тегін жүктеп, белсенді пайдалануға шақырамыз.



DARMEN

Хотите знать все о жизни своего города? Наше приложение поможет вам в этом!

Абонент пәтер ішіндегі газ жабдығының тиісті техникалық жағдайын қамтамасыз етуге міндетті.

Құрметті газ тұтынушылар! Өз денсаулығыңыз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігі туралы ойлаңыздар – газ жабдығына уақытылы қызмет көрсету мен жөндеуді қамтамасыз етіңіздер!

Газды тұрмыста қолданатын халық міндетті:

- Газ аспаптарының, түтіндіктер мен желдеткіштердің қалыпты жұмыс істеуіне бақылау жасауға, түтіндікке газ жану өнімдерін бұратын газ аспаптарын қосқанға дейін және жұмыс істеуі кезінде түтін тартылуын тексеруге. Түтіндіктің «қалтасын» мерзімді тазалап отыруға.

- Газды пайдаланып болған соң, газ аспаптарында және олардың алдындағы крандарды жабуға.

- Газ жабдығы жарамсыз болғанда «Горгаз-сервис» ЖШС кәсіпорнының қызметкерлерін шақыртуға.

- Пәтер ішінде газ иісі пайда болған кезде газ аспаптарын қолдануды дереу тоқтатуға, аспаптарға жалғанған және аспаптардағы крандарды жабуға, үй-жайды желдету үшін терезелер мен желкөздерді ашуға, 104 телефоны бойынша апаттық қызметті шақыртуға (газдалған үй-жайдан тыс).

- От жақпауға, темекі тартпауға, электр жарығы мен электр құралдарды қоспауға және қосулы болса, сөндірмеуге, электр қондырғыларды пайдаланбауға.

- Газ құбырлары мен газ жабдықтарын тексеру және жөндеу үшін тәуліктің кез-келген уақытында

ГАЗДЫ ТҰРМЫСТА ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК



пәтерге газ шаруашылығы кәсіпорнының қызметкерлерін олар қызметтік куәліктерін көрсеткенде кіргізуге.

Халыққа тыйым салынады:

- Үйлерді (пәтерлер, бау - бақшадағы шағын үйді) газдандыруды өз бетінше жүргізуге, газ аспаптарының, баллон мен бекіту арматураларының орнын ауыстыруға, алмастыруға және жөндеуге. Кез-келген газ жүйесін құрастыру тек мамандандырылған ұйыммен жүргізілуі тиіс.

- Сәйкесінше ұйымдардың келісімінсіз, газ аспаптары орнатылған орынжайды қайта жоқтарлауды жүзеге асыруға.

- Газ аспаптары орнатылған орынжайларды ұйықтау мен демалу үшін қолдануға.

- Газ шығуын анықтау үшін ашық отты пайдалануға (газ шығуды анықтау сабын эмульсиясымен немесе арнайы аспаппен жүргізіледі).

- Түтін мен желдету жүйелерінің құрылысын өзгертуге.

- Екі қабаттан көп қабаттары бар тұрғын ғимараттарының пәтерлерінде баллондарды орналастыруға тыйым салынады.

- Желдету арналарын бітеп тастауға, түтіндіктерді тазалауға арналған «қалталар» мен люктерді бітеп немесе сылап тастауға.

- Газды тұрмыста қолдану Ережелерін бұзған тұлғалар қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Өрт шыққан кезде не істеу керек?

Өрт шыққанын білгенде... Өрттің ауқымы кішкентай болса, крандағы сумен, болмаса қалың дымқыл матамен өшіруге тырысыңыз;

Өрт ауқымды болса, 101 нөміріне хабарласып, өрт шыққан мекен-жайды, ненің қалай жанып жатқанын айтыңыз. Өзіңіздің атыңыз бен нөміріңізді де беріңіз. Ол өрт сөндірушілерді күтіп алып, өрт ошағына жедел апаруға керек. «Менен де басқалар хабарласқан шығар» деп отыруға болмайды; Ғимараттағы барлық тоқ көздерін ажыратып, газ құбырларын жабыңыз; Егер өрт көп қабатты ғимараттың төменгі қабатында шықса, ғимараттың жоғарғы қабатына немесе төбесіне шығып, көмек күту керек;

Далаға шығы жолдарында от болмаса, тез арада ғимаратты тастап шығыңыз; Өрт шыққан аумақтан өту үшін синтетикалық киімдерді шешіп, орнына жүн немесе мақтадан тігілген киім кию керек. Киімдерді сулап, басыңызға ішік, жейде, орамал сынды қалың дымқыл жамылғы жабыңыз. Дәл осылай мұрныңыз бен ауызыңызды да жабу керек. Ол түтіннен улануы қалудың алдын алады;

Есіктерді қатты жабыңыз. Себебі от оттегі келіп, жел соққан сайын өрши түседі;


ЭЛЕКТР ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Тұрғын үйлердің өртке қарсы жағдайын талдау олардың қауіпсіз қолданылуы негізінен электр жабдықтары, электр қондырғыларымен құралдарының техникалық жағдайына байланысты екендігін көрсетеді. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірыңғай жалпы әдісі, сонымен қатар электр жабдықтарының өрт қауіпсіздігінің жеке әдісі жану кезінің пайда болу қаупін, тез жаңғыш ортаның, өрттің таралу жолдарының пайда болуын жоюды немесе шектеуді көздейді. Өрт қауіпсіздігі талаптарымен элетротехникалық және жылыту қондырғыларын құру мен пайдалану кезінде орындалатын ережелер белгіленген, оларды орындау өзінді өрттің пайда болу қаупінен барынша қауіпсіздендіру мүмкіндігін береді.

Электр құралдарындағы өрт қауіпсіздігі

Электр құралдарын пайдаланған кезде:

- электр қуатын қабылдағыштарды (электр құралдарын) оларды дайындаушы мекемелердің нұсқаулықтары талаптарына сәйкес келмейтін немесе ақаулығы бар болған жағдайларда қолдануға, сонымен қатар зақымданған немесе қорғағыш белгілерін жоғалтқан оқшаулаулары бар электр сымдары мен кабельдерін пайдалануға;
- тежегіштердің балқығыш ендірмелері жанып кеткен жағдайда қолдан жасалған ендірмелерді қоюға болмайды,



бұл барлық электр сымдарының қызып кетуіне, олардың қысқа тұйықталуына және өрттің пайда болуына әкеліп соғады;

- ашық электр сымдарын бояуға немесе үстінен түс қағаз жапсыруға;

- ақаулы ажыратқыштарды, розеткалар мен патрондарды қолдануға;

- электр шамдарын жанғыш материалдармен жабуға;

- жылу реттегіші жоқ немесе ақаулы электр жылытқыш құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

Электр сымдарына мөлшерден тыс салмақтың түсуін, олардың қатты қызып кетуі мен өтпелі қарсылығын болдырмау үшін жоғары қуатты бірнеше электр құралдарын бір розеткаға қосуға болмайды. Жиі түрде өрттің себептері - қосылып, қараусыз қалған электр жылытқыш құралдарының (электр плиталары, су қайнатқыштар, каминдер, үтіктер, грелкалар) жанында орналасқан жанғыш заттардың тұтануы болып табылады. Қосылған электр жылытқыш құралдары жылуды сақтайтын жанбайтын қойғыштарға орнатылуы қажет. Сымдардың оқшауларының кеуіп кетуі мен зақымдалуының алдын алу үшін оларды жылытатын жерлердің (пештер, түтіндіктер, жылыту батареялары, т.б.) бетімен жүргізуге болмайды.

ЕСТЕРТУ
Үйден ұзақ уақытқа кеткен кезде балаларыңызды жалғыз қалдырмаңыздар және электр жылытқыш және жарық бергіш құралдардың өшірілгендігін тексеріп, көз жеткізген жөн.

А.ҚАДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ ДОМОФОНДЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ НАРЫҒЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІК ОРТАНЫ ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті Талдықорған қаласы домофон жабдығына техникалық қызмет көрсету нарығындағы бәсекелестіктің жөй-күйіне талдау жүргізді.

Талдау көрсеткендей, 2022 жылдың екінші жартыжылдығы мен 2023 жылдың алғашқы 8 айында домофондарға қызмет көрсету үшін абоненттік төлем бағасы өзгеріссіз қалып, айына 300 теңгені құрады. Бұл қызметтерді ұсынатын компаниялар тұтынушыларға қызмет көрсетудің бірыңғай құнын белгілеу арқылы тұтынушылардың

талдау мүмкіндігін шектеді. Бұл тіркелген бағаларды қолдауға және ҚР Бәсекелестікті қорғау жөніндегі заңнамасын бұзуға әкелді.

Нәтижесінде Департамент Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 170-бабында тыйым салынған, қызметтерге бағаны ұстап қалудан тұратын аталған компаниялардың келісілген іс-қимылдарының белгілерін анықтады.

Осыған байланысты, Департамент нарық субъектілеріне бәсекелестікке қарсы заңнаманы бұзу туралы хабарламалар жіберді.

Хабарламалар орындалды.

"ЖЕТИСУГАЗСЕРВИС" МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫНА МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН НҰСҚАМА ШЫҒАРЫЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті "Жетісугазсервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны тарапынан монополияға қарсы заңнаманың бұзылғанын анықтады.

Анықталған бұзушылықтар монополияға қарсы органмен келісілмеген, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің нормаларына қайшы келетін қызмет түрлерін жүзеге асыруға қатысты.

Заңнамаға сәйкес, мемлекеттік кәсіпорындар, жарғылық капиталында акциялардың елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар өз қызметін кез келген кеңейту немесе өзгерту кезінде монополияға қарсы органнан келісім алу талап етіледі. Сондай-ақ, осы субъектілер жүзеге асыра алатын қызмет түрлерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітілуі тиіс.

Алайда, «Жетісугазсервис» жүргізетін қызмет ҚР Үкіметі 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1095 қаулысымен белгіленген тізбеге сәйкес келмеді. Бұл бұзушылық Департаменттің жедел әрекет етуін талап етті.

Нәтижесінде Департамент монополияға қарсы заңнаманың анықталған бұзушылықтарын жою мақсатында «Жетісугазсервиске» нұсқама шығарды.

Нұсқаманы кәсіпорны уақтылы орындады, бұл оның бәсекелестікті қорғау саласындағы қолданыстағы нормалар мен ережелерді сақтауға деген ұмтылысын көрсетеді.

Парақорлық - негізгі дерт

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, сеніп тапсырған бөтен мүлкіті иеленіп алу немесе ысырап ету және тағы басқа осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, паралудың жағдайларын түп тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Яғни, пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптастыруымыз керек. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды.



Парақорлықпен елімізде көбіне қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілеті жететін қызметкерлердің айналысып отырғанын көрсетіп берді. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту - әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

Мұхтар МҰСАНОВ,
аудандық Қазынашылық басқарма басшысы.

ӨКПЕ ҚҰРТ АУРУЛАРДЫҒЫ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Өкпе құрт ауруының негізгі жұғатын көзі өкпе құрт ауруының микробтарын тарататын науқас адам. Науқас адам сөйлегенде, жөтелгенде, түшкіргенде, ән айтқанда түкірікпен, қақырықпен әлденеше миллиард өкпе құрт ауруы микробтарын бөліп шығарады және олар 1,5 метрден 5 метрге дейін шашырайды, ең қауіптісі ол ауада таралып, бір сағаттан көп уақыт сақталады. Науқас адамның жерге немесе еденге түкірген қақырығы бірте - бірте кебеді де, ақырында шаңға араласады, шаң ауаға көтеріледі, дем алған кезде сау адамның өкпесіне енеді. Одан басқа аурудың ыдыс-аяғы, киім-кешегінен, кір қолынан және сүйіскен кезде жұғады. Сол сияқты өкпе құрт ауруымен ауыратын үй жануарлары да: сиыр, түйе, доңыз өкпе құрт ауруын таратады. Өкпе құрт ауруымен ауыратын малдың сүтін шикілей ішкенде немесе тауықтың жұмыртқасын пісірмей жегенде жұғады.

Өкпе құрт жұқпалы ауру. Ең жиі кездесетін түрі-өкпе құрт ауруы. Көп жағдайда сырқат белгісі науқас адамға білінбей басталады да, тек қана Манту реакциясын қойғанда, қақырықты "Кох таяқшасына" тексергенде немесе флюорографиялық байқаудан өткенде табылады.

Өкпе құрт аурудың (Туберкулез) белгілері:
- әлсіздік, тез шаршау;
- асқа зауқы соқпау, жүдеу;
- 3 аптадан аса жөтеліп жүру;
- түнде немесе ұйқыдан оянған кезде терлеу;

- дене қызуының 37 градустан жоғары көтерілуі;

- түстен кейінгі мезгілде бейжай болуы.

Осындай белгілер білінсе міндетті түрде терапевт-дәрігерге көрініп қақырықты үш күн қатарынан үш рет "Кох таяқшасына" тексеру керек. Қақырықты жинау әр уақытта медицина қызметкерінің бақылауы арқылы терең тыныс жолдарынан алынғаны дұрыс. Егер тексерілген қақырықта өкпе құрт ауруының микробактериясы табылмаса, онда ол науқас рентген арқылы тексерілуі тиіс. Әр нәрсенің алдын алған жөн, себебі өкпе құрт ауруының жеңіл түрі болса, ол тез емделіп, тез жазылады. Қандай жағдайда болмасын, өкпе құрт ауруына шалдыққан адам тез арада емделуі қажет. Қазіргі жағдайда өкпе құрт ауруымен ауырған жанды емдеп жазуға болады.

Өкпе құрт ауруымен (Туберкулез)қай жастағы адамдар ауырады.

Өкпе құрт ауруы жас талғамайды және әр жастағы адам ауырады, адам ағзасының әр түрлі органдарын зақымдайды.өкпе құрт ауруы -аса қауіпті дерт. Анықталған аурулар емделмесе бір жылда 50 пайызға жуығы өлімге душар болады.

Өкпе құрт науқасымен кімдер тез ауырады немесе бейім тұрады?

А) байлығына немесе кедейлігіне қарамай санитарлық-ағарту мәдениеті төмен адамдар ауруға бейім тұрады;

ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІ - ЕЛДІҢ МЕРЕЙІ

Тіл - әрбір ұлттың таусылмайтын байлығы. Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің. Дегенмен, ең алдымен өз туған еліңнің, мемлекеттік тілін білуге міндеттісің.

Біздің қазақ тілі - өте бай тіл. Ол шаруашылықтың бар саласын өркендете түсуге себепші күш, халқымыздың мәдени дәрежесін көтере беруші пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің құралы, қуатты қаруы.

Төл тілде сөйлеуден безу ақ сүт беріп, асыраған анадан ұмытумен бердей. Осы кезде Паустовскийдің: «Туған тіліне жаны ашымаған адам - жәндік», - деп, ашына айтқаны ойға келеді.

Ана тілін ұмытқан адам өз халықының өткенінен де болашағынан да қол үзеді.

Ана тілі - ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау - арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау.

Ұлттың мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты

қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағын аталдындауына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюімен тығыз байланысты. Сондықтан туған тілге деген сүйіспеншілік бала кезден басталуы тиіс. Айналады танып білу, туған тіліңді білуден басталады. Бауыржан Момышұлының "Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту - бүкіл ата - бабамызды, тарихымызды ұмыту" - деген болатын. Сондықтан тілімізді ұмытпай, әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін, қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстауы керек деп білемін. Мағжан Жұмабаев: "Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады" - деген. Әрбір еліміздің тұрғыны, өз ана тіліміздің тұғырын биіктетуге, ат салысайық.

Ө.САҒЫМБАЕВА,
Есеболатов ауылдық клубының меңгерушісі.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ №5 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТЫНЫҢ ОРНЫНА КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (2024 жылғы 31 наурыздағы сайлау)

2024 жылғы 5 наурыздағы сағат 18.00-дегі жағдай бойынша

Аты, әкесінің аты, тегі	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғылықты жері	кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну
Жакупов Сериккан Амангельдиевич	1984	"АМАНАТ" партиясы Ақсу аудандық филиалының төрағасы	"АМАНАТ" партиясы
Мухаметқалиев Кайрат Акимбекович	1983	Ақсу аудандық БЖСМ, аға жаттықтырушы	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен
Жұмагелдин Еламан Жұмагелдіұлы	1995	"Көкөзек ауылдық округінің МУ" МКК, музыкант	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен

ИНФОРМАЦИЯ ОБ ИТОГАХ РЕГИСТРАЦИИ КАНДИДАТОВ В ДЕПУТАТЫ АКСУСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ ПО ОДНОМАНДАТНОМУ ТЕРРИТОРИАЛЬНОМУ ИЗБИРАТЕЛЬНОМУ ОКРУГУ №5 ВМЕСТО ВЫБЫВШЕГО (выборы 31 марта 2024 года)

по состоянию на 18.00 часов 5 марта 2024 года

Фамилия, имя, отчество	год рождения	Занимаемая должность, места работы и жительства	кем выдвинут или в порядке самовыдвижения
Жакупов Сериккан Амангельдиевич	1984	Председатель Аксуского районного филиала партии "АМАНАТ"	партия "АМАНАТ"
Мухаметқалиев Кайрат Акимбекович	1983	Аксуский районный ДЮСШ, старший тренер	самовыдвижение
Жұмагелдин Еламан Жұмагелдіұлы	1995	ГКП "ДК Кокөзекского сельского округа", музыкант	самовыдвижение

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

олар жанұяның басқа мүшелерінен оқшау сақталады. Кірлеген төсекте жинау үшін бөлек жәшік немесе қап арналады. Науқасқа күн жақ беттен жеке бөлме берген дұрыс. Оған мүмкіндік болмаса, пайдаланатын орнын белгілеп, шымылдықпен бөлу керек. Науқас адамның төсегі үй қабырғасынан 0,5 метр, ал жанұя мүшелерінен кемінде 1,5 метр қашық салынғаны жөн. Кілем, киіздерді алып тастап, оңай жуылатын, ауру жұқтыруға әсер етпейтін заттарды ғана қалдырады. Кірлегенде бөлек жуады.

Науқас бөлмесінің еденін, қабырғаларды, ыдыс-аяқтарын жууға жеке-жеке шүберек, шелек бөлінуі тиіс. Науқас қақырықты қалпа түкіргішіне түкіруі тиіс, ол екеу болғаны жөн, біреуін науқас пайдаланған кезде, екіншісі залалсыздандырылады.

Өкпе құрт ауруынан қалай сақтануға болады?

Өкпе құрт ауруынан сақтануға болады.
А) адам ағзасының қорғаныс жүйесін күшейту үшін өкпе құрт ауруына қарсы қарсы БЦЖ вакцинасын егу, бұл вакцина тек қана дәрігердің шешімімен егіледі. БЦЖ вакцинасын бірінші рет перзентханада, кейін бала бірінші сыныпқа (6-7 жас) және бала бесінші сыныпқа (11-12жас) бағанда БЦЖ егіледі.

Б) салауаты өмір салтын ұстану

В) тазалық сақтау

Г) дұрыс тамақтанып, зиянды әдеттен бас тарту керек

Д) дене шынықтыру, жаттығулар жасау

М.МАДАЛИМОВА.

Мерекелік беті

Қартаймасыншы Аналар!

Жұмағым менің, аяулы Анам, ардағым,
Сен барда шуақ, арай боп атар таңдарым
Берекем, менің, көгерем асыл батаңмен,
Өзіңмен ғана берекелі ғой жан - жағым.

Өзіңе сөзбен жеткізе алмай сырымды,
Арнадым бүгін толғатқан тұнық жырымды.
Пейішім менің, жұп жұмсақ алақаныңмен,
Аялай берші ауылға барсам бұрынғы.

Өзге ауыл қазір, мекенім Қопа ауылы,
Берекесімен сыйласқан ізгі қауымы.
Мені көп ойлап, алаңдай берме анашым,
Жақсы жандарға толы бұл ауыл әр үйі.
Ақсудың бұла бойына біткен Қопа бұл,
Алакәлімді еске салатын жаны ізгі.

Ұжымым жақсы, кітапханашы қауымы,
Ол жерде де өзіңдей дана аналар,
Бірлесіп бірге білместі сұрап үйреніп,
Берекеменен өтуде күндер пара - пар.

Үлкен өмірге жолдаған мені анашым,
Үркек көңілмен қолдаған мені данасың.
Құттықтап бүгін аналар мерекесімен,
Жыр кептерінен сәлем жолдайды балашың.

Ақылы менен мейірімі қатар ұштасқан,
Аналар бейне бейбіт бір ашық түсті аспан.
Аналар, сіздер жүріңіздерші есен - сау,
Мейірім шашып шуақпен бірге тұстасқан.

Құтты болсын, мереке, асыл аналар!
Анадан туған батыр мен ұстаз, даналар,
Бауырынан ажырамай перзенті,
Қартаймасыншы, ортаймасыншы аналар!

Мархабат ӘСЕТҚЫЗЫ,
Қопа ауылдық кітапханашысы.



Аналар мейрамымен құттықтаймын!

Көктемге келіп жеткен аман - есен,
Қыздармен, Келіншектер, сондай көркем!
Көктемгі күн шуақтай нұр, шашып тұр,
Гүлдеген бәйшешектей, болып көркем!

Аналар мейрамымен, құттықтаймын,
Жақсылық, қуаныштар, болсын ылайым!
Бақытты болыңыздар, барлығыңыз,
Тек жақсылық бұйыртысын, бір Құдайым!

Қыздар жүр қыр гүліндей, жұпар шашқан,
Құлпырып қызғалдақтай, қауыз ашқан!
Бүгінгі құттықтаймын мерекенмен,
Арайланып алдыңнан атсын ақ таң.

Бағына жігіттердің жаратылған,
Көктегі ай - жұлдыздай, болып арман!
Көктегі мың жұлдызға баласақта,
Теңеуді қиын боп тұр, табу маған!

Көктемде бар тіршілік жаңарғанда,
Қар еріп жылғадан су ағар сайға.
Ардақты аналар, мен аруларға,
Жыр жазған ақындарда арман барма?

Бір жылда бір келетін көктемменен,
Арулар, сұлусыздар неткен деген!
Мейрамда көктемменен келіп жеткен,
Жыр арнап алғысымды, төксем деп ем!

Бауыржан БОЛАТХАНҰЛЫ.

Апазшы

Ас әзірлеп халыққа,
Ыстық пештің қасында.
Дәмін тұзын келтірер,
Түрлі - түрлі тағамға.
Түрлі асты дайындау,
Ас мәзірін мойындау.
Еңбегі зор апазшы,
Мамандығы қиындау.

Еркенай ҚУАТБЕКҚЫЗЫ.

ӘЛЕМНІҢ

сұлулары татымайды, анамның күліп тұрған бейнесіне

БИЗНЕСТІ ҚОРҒАУ

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы жаңа инвестициялық циклдің басталғанын хабарлады. Президент атап өткендей, инвестициялық жобаларды жүзеге асырудағы проблемалар әсіресе, өңірлерде айқын байқалады.

Мемлекет басшысы елімізде қолайлы бизнес-климатты қамтамасыз етуді тапсырды, бұл экономиканы дамытуға қосымша ынталандыру болады.

Осыған байланысты «Прокурорлық сүзгі» енгізілді. Енді инвесторлардың қызметін шектейтін мемлекеттік органдардың кез келген тыйым салу шешімдері, салық органдарының инвесторлардың қызметіне және басқа да функцияларына тексеру тағайындау туралы актілері мен шешімдері прокурорлармен келісілуге тиіс.

Қолданыстағы мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы заңнама бизнес субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірыңғай қағидаттарды айқындайды.

Сонымен қатар, берілген рұқсаттар мен жіберілген хабарламалар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексерудің жаңа нысаны енгізілді.

Барлық енгізілген жаңа нормалар Кодекстің 13-тарауына сәйкес реттеледі.

Сондай-ақ тексерулерді есепке алу мен тіркеудің барлық процесі «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» (ТСОБТ) ақпараттық жүйесінде цифрландырылған, ол тіркеу сатысында бизнесті заңсыз тексерулерден қорғауды, сондай-ақ мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Барлық қызықтыратын мәселелер бойынша, оның ішінде тексеруші мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз әрекеттер туралы өтініштермен Бас прокуратураның бірыңғай байланыс орталығына (телефон-115).

Сонымен бірге, кез - келген кәсіпкер Комитеттің «www.qatqor.gov.kz» ақпараттық порталында тексерістің тіркелуін көре алады.

Айдын ТӨРЕБЕКОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕК Жетісу облысы бойынша Департаментінің бастығы.

АЛҒЫС - ЕЛ СЫЙЫ

Көктемнің алғашқы күнімен сай келетін мерекенің бірі - Алғыс айту күні. Алғыс айту - жүрекке жылу сыйлайтын керемет қасиет, қарапайым адамгершілік парызы екені белгілі. Осы қасиет адам арасындағы сыйластықты, құрметті арттыратыны сөзсіз. Әр жасалған игі іске ризашылық білдіріп, көңілге де-меу болудың еш артықшылығы жоқ деп ойлаймын. Дәстүрлі түрде аталып өтілетін бұл мерекеде ағайын-туыс, дос-жаран, әріптестер, құрбы-құрдас бір-біріне ыстық ықыластарын білдіріп, жүрек жарды тілектерін айтады. Биылғы мереке жылдағыдан өзгереді себебі мерекелеудің символдық дәмі ретінде "құрт" белгіленген екен. Ризашылық пен ұлттық болмыстың үндестігі керемет үйлесім болғандай. Жалпы бұл күн бір күн ғана аталып өтілмей жылдың әр күнінде белгіленуі керек. Алғыс айту, ризашылық білдіру, ізгі тілек ешқашан артық болмас. Жылдағы жоспар бойынша Суықсай ауылдық мәдениет үйінің қызметкерлері тарапынан ауыл тұрғындарына арналған мерекелік құттықтау болды. Ауыл тұрғындарына алғыс айтып, дәмнен ауыз тигізіп, әр жанның жылы лебіздерін тыңдадық. Көңіліміз көтеріліп, ерекше сезімде болдық.

Жадыра ШАТЫРБАЕВА,
Суықсай ауылдық мәдениет үйінің әдіскері.

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ НАЗАРЫНА!

Қауымдастық кеңес хаттамасына сәйкес Ойтоған ауылдық округіне қарасты 19 лот, 8 га. суармалы жер конкурстан алынып тасталды.

Газетіміздің келесі саны 22 наурызда шығатынын ескертеміз!

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күәлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2501

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Оффсеттік басылым көлемі 26 т.